

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аманиязова Багдагүл Айтбайқызы — гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: bagdagul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>:

Андатпа. Білім біздің өмірімізде үлкен рөл атқарды және атқарады. Ол тұтас ұлттың, елдің болашағы. Сондықтан адамдар білім алғысы, оның ішінде сапалы білім алғысы келеді. Бұл мақалада автор қазіргі білім беру саласының мәселелері қарастырылған, мектептен бастап ЖОО-на дейінгі білім беруге қатысты сұрақтар қамтылған. Автор білім беру сапасын бағалауға тырысады. ХХІ ғасырдағы білім беру тұрақты дамып отыруы керек. Жаһандану дәуірі-ақпараттық технология дәуірі. Білім күнделікті өзгеріп отыр. Бүгін алған білім ертең ескіріп қалуы мүмкін. Сондықтан білім беру саласының алдындағы міндет - бәсекеге қабілетті, білікті, білімді мамандарды даярлау. Білім беру деңгейі жоғары мемлекеттің оқу орындарына, түлектеріне әлемдік деңгейде сұраныс жоғары болады. Қазіргі ақпараттық технология дәуірі - роботтардың, автоматтандырудың, жасанды интеллектің қарқынды дамып жатырған уақыты. Болашақта технологияға жұтылып кетпеу үшін ғылымды, білімді меңгерудің маңызын ұмытпаған жөн. Сондықтан білімді болу, сапалы білім алуға талпыну, сапалы білім беретін жоғары оқу орындарында оқу – бүгінгі жастардың өздері үшін жасайтын инвестициясы болуы керек. Мақалада қазіргі білім беру саласының түйткілді мәселелері толығырақ зерттелген.

Түйін сөздер: білім, білім беру, жаһандану, ақпараттық қоғам, ақпараттық технология, инновация.

Кіріспе

Жаһандану мәселесі, оның ішінде білім беру мәселесі жеке адамдардың ғана емес, тұтас адамзаттың мүддесін көздейді. Әлеуметтік дамудың объектив факторлары болғандықтан адамдар оны назардан тыс қалдыра алмайды. Жаһандық мәселелердің шешілмеуі адамзат алдында қиын міндеттерді қояды. Бұл міндеттер өте күрделі және өзара байланысты болады.

Білім беру - көп қырлы әрі құрылымы күрделі мәселе. Ең алдымен халықтың сауаттылық мәселесін айтуға болады. Ақпараттық технологияның кереметтері кең тараған қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүріп, жұмыс істеуге мүмкіндік беретін деңгейге білімі сай келмейтін адамдар тобы тағы бар. Бұл сауатсыздық деңгейі тек дамушы елдермен қатар дамыған елдерде де бар екені байқалады. Білім берудің тағы бір аспектісі әлемнің көптеген мемлекетінде жаппай білім алуға бәрінің қолы жете бермейді. Әлем мемлекеттерінің алдында тұрған үлкен міндет - «ертеңгі күннің талаптарына жауап беретін және экономикалық тұрғыдан барлығына қолжетімді, ешкімді шеттетпейтін нағыз білім беру» [1, 5 б.].

Жыл сайын мыңдаған оқушы, студент мектепте, институтта, колледж, университет пен басқа да оқу орындарында өз оқуын бастайды. Барлығы өміріне, дамуына, бақытты болашағына қажетті білім алу үмітімен қадам басады. Бірақ қазіргі білім беру саласында өзекті мәселе өте көп. Жұмыста жаһандану дәуіріндегі білім беру мәселелерін әлеуметтік тұрғыдан талданған. Мақалаға білім беру саласындағы күрделі мәселелерді анықтау және оның шешімін табу жолдарын іздеу мақалаға негіз болған.

Тақырыптың өзектілігі білім адамзаттың дамуына, жеке адамдардың табысты болып, өсіп өнуіне көмектесетін құрал болғандықтан өскелең ұрпаққа сапалы, пайдалы, заманауи білім беру кез келген мемлекеттің алдында тұрған үлкен міндет. «Ел болам десең, қазақ, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз балаға жастайынан берілген білім мен тәрбиенің маңызын меңзеп тұрғандай.

Мақаланың мақсаттары мен міндеттері: білім беру саласының мәселелеріне назар аударту, студенттерге, бала оқытатын болашақ мамандарға жол сілтеу, кемшіліктер мен қателіктерді қалай жөндеуге болады деген сұрақтарға жауап іздеу.

Негізгі бөлім

Кіріспе бөлімде айтқанымыздай білім саласында шешімін күткен мәселе көп. Соның ішіндегі ең басты сұрақтың бірі – оқушылар мен студенттерге берілетін оқу жүктемесі өте ауқымды. Оқушылар мен студенттер міндетті пәндерді меңгеруі тиіс, алайда олардың өзін дамытуға уақыты жоқ. Өзін дамыта алған адам ғана толыққанды адам болып қалыптаса алады. Оның үстіне біз қазір ақпарат жылдам ескіретін, 5 жыл бұрын алған білім қазір түкке тұрғысыз боп қалатын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі қоғамда білім беру бәсекеге қабілетті, алған теориялық білімді тәжірибеде қолдана алатын тұлғаны тәрбиелеуі керек [2, 85 б.]. Сонымен қатар білім беру Отансүйгіштік, адамгершілік, ойлау мәдениетін дамыту қабілетін, өз көзқарасын қалыптастырып, оны қорғай алуды үйретуі де керек.

Тағы бір күрделі мәселенің бірі – білім берудің әлеуметтік бағдары, яғни білім беру кез келген адамға қол жетімді болуы. Білім беру жүйесі заман талаптарына сай келетін материалдық-техникалық базамен жабдықталғаны дұрыс. Білім беру мекемелеріне жаңа үлгідегі отандық және шетел құрал-жабдықтарын алу керек. ЖОО-да толық көлемді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін де ақпараттық басқару, телекоммуникациялық жүйелердің болашақ мамандарын дайындау да көп күшті қажет етеді. Білім беру мекемелерін жөндеу мен жаңа мектептерді салу, оларды заман талаптарына сай жабдықтау да тұрақты жүргізілуі тиіс.

Келесі мәселе практикалық бағдардың төмендігі. Білім берудің қазіргі жүйесі тәжірибелі маманнан гөрі теоретиктерді тәрбиелеп шығаруға бағытталған. Теориялық білімді тәжірибеде қолдана алмайды. Сондықтан жұмысқа тұрған қызметкер өз білімін тәжірибеде қолдана алмай күрделі бейімделуден өтеді [3, 426 б.].

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты – барлық оқушы үшін оқудың теңдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру төңірегіндегі талас-тартыс біздің мүгедек балалардың қоғамда бар екенін мойындағанға дейін жалғасады [3, 426б.]. Мұны мойындау керек. Қоғам алдында көптеген сұрақ пайда болды. Мүгедек балаларды қазіргі өмірге қалай бейімдеу керек. Мектеп мұндай балалармен жұмыс жасауға дайын ба, ата-аналар да дайын ба? Бұл сұрақтың барлығы күрделі әрі қарама-қайшылықты.

Назардан тыс қалмауы керек бір мәселе – ЖОО-мен еңбек нарығы арасындағы тығыз байланыстың болмауы. Түлектердің көбісі мамандық бойынша жұмыс жасамайды, ал кейбіреулері қайта оқуға мәжбүр. Бұл білім беру жүйесінің тиімділігін жоққа шығарады. Мамандық бойынша жұмыс іздеу кезінде де түлектер жалақысы төмен жұмысты істегісі келмейді, ал жұмыс беруші жақсы жұмысқа тәжірибесі жоқ маманды алғысы келмейді.

Жоғарыдан болатын әкімшілік қысым да білім беру жүйесінің тағы бір күрделі мәселесі. Бұл білім беру жүйесін дамытуға кері әсерін тигізеді. Педагог (балабақша тәрбиешісінен бастап ЖОО оқытушысына дейін) жұмысы қағазбастылықтан көз ашпайды. Жоғарыдан келетін талап педагогтарды көрсеткіштерді түзеуге итермелейді. Баяндамаларда жоғарыдағылар талап ететін нәрселер ғана айтылады.

Қазақстан - Орта Азиядағы дамушы елдердің бірі. Кейінгі жылдары білім беру саласында көп жетістікке жетті. Сонда да шешілуі тиіс мәселе азаяр емес. Үкімет білім беру саласының сапасын жақсартып, азаматтарына ең жақсы мүмкіндіктерді ұсынуы тиіс.

Интернет, робот, технологияның қарқынды дамыған дәуірінде білім туралы ойдың бәрі өзгерді. Дәстүрлі білім беру орнына жаңа кезең EdTech-шешімдер келді. Бұл шешім тез үйренуге қабілетті қазіргі заман талабына лезде ілесе алатын мамандарды даярлауға бағытталған. Технологияның дамуы мен мамандықтардың өмірлік цикілінің қысқаруы білім берудің мектептен университетке дейінгі дәстүрлі үлгісінің ескіргенін көрсетті. Егер 10-20 жыл бұрын білім алған адам болашағын болжай алатын болса, қазір бұл тіпті де мүмкін емес. Кей мамандықтар толықтай жоғалып жатса, кей мамандықтардың құрылымы көзді ашып-жұмғанша өзгеріп жатыр. Сондықтан білім беру тек диплом алумен аяқталмайды, үздіксіз білім алу қазір бірінші орынға

Экономиканың дамуына білім беру қалай әсер етеді? Адам капиталы - қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты қозғаушы күші. Бүкіл әлемдік банк бағасы бойынша адам капиталының елдің экономикалық өсуіне ықпалы шамамен 55 % [4]. Ал адам капиталының дамуының маңызды факторы, әрине, білім беру. Оның тұрақты экономикалық дамуға қосатын үлесі тұрақты өсіп отыр. Елдің білім беру деңгейі жоғары болған сайын, оның экономикасы да жақсы дамиды, жұмыссыздық азайып, өмір сүру ұзақтығы да артады. Алайда бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан арта қалып келеді. Былтырғы рейтинг бойынша білім беру жүйесінің сапасы бойынша Қазақстан әлемнің 93 елінің арасында 62-орында тұр.

Елдің білім беру саласындағы нәтижесі әлсіз, бірақ бұл осы саланы ары қарай дамыту үшін түрткі болуы мүмкін. Мысалы рейтингте түрлі әлемдік индекске енетін жоғары оқу орындарының саны есептеледі. Бұл бағытта Қазақстан жақсы жұмыс істеп жатқанын айтуымыз керек. 2022 жылы 16 қазақстандық ЖОО Quacquarelli Symonds World University Rankings халықаралық академиялық индекс санатына қосылды. Ал 4 жыл бұрын бұл индекске тек 8 отандық университет енген болатын.

Қазақстанда 122 университет болса, соның 13 пайызы ғана сапалы білім береді. Жағдайды жақсарту үшін еліміз әлсіз оқу орындарын жоспарлы түрде қысқартып, білім беру құрылымын нығайту арқылы білім беру сапасын жақсартуды қолға алды. Нәтижесінде 2025 жылға қарай қазақстандық 3 университет әлемнің 200 ірі оқу орындарының қатарына қосылады. Қазіргі кезде бұл топқа тек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еніп отыр. Бұл мақсатқа жету үшін қомақты қаржы қажет.

Қазақстандық білім беру жүйесінің басты үш мәселесі. Біріншіден, бұл тәжірибеге бағытталған қадам. Қазір оқу орындарымен қатар технологиялық корпорациялардың өздері кадр дайындауға мүдделі. Бұл тәжірибе кеңінен қолданылуы тиіс. Екіншіден, білімнің қолжетімді болуы. ЖОО-на 8 млрд адамның 350-400 млн-ның ғана қолы жетеді. Бұл технологиялық алпауыттардың талантты мамандарды тәрбиелеп шығаруға деген ұмтылысын арттырды. Бұрын қабілеті бар, бірақ оқуға мүмкіндігі жоқ мамандар білім ала алмайтын еді. Үшіншіден, еңбек нарығы өте жылдам өзгеріп отыр. Бұл өзгерістерді жылдамдығына дәстүрлі білім беру жүйесі ілесе алар емес.

Сондықтан білім беру мәселесін шешудің бірден-бір тәсілі - цифрландыру. Білім беру саласында цифрлық құралдарды қолдану - әлемдік құбылыс. Бұл құбылыстың ауқымын білім беруші ақпараттық технологияның көлемінен көруге болады. Қазіргі кезде EdTech нарығының дүниежүзілік көлемі 254,8 млрд АҚШ долларына бағаланып отыр, ал бес жылдан соң бұл 605,4 млрд АҚШ долларына бір секірмекші. Бұл дегеніміз G7 деңгейіндегі елдің бюджетімен пара-пар.

Қазақстанда онлайн-білім беру нарығы өте жас және әлі де дамытуды қажет етеді. 19 млн халықтың 15 млн-ы, яғни 80 пайыз адам желі пайдаланушысы. Цифрлық білім берудің дамуының ел экономикасына тигізген әсері жалпы ішкі өнімнің 1,5 пайыз өсімін құрайды. Сондықтан әлемдік тенденцияға сүйене отырып, Қазақстан білім берудің цифрлық технология нарығын белсенді дамытып отыр деп айтсақ болады. Онлайн білім берудің дамуы қазақстандықтардың елден шықпай әлемнің жетекші университеттерінен білім алуына мүмкіндік берді. Мысалы Swiss International Institute Lausanne (SIIL) институтына онлайн түсіп, Швейцария дипломын алуға болады. Бұл жерде бакалавр және магистратура бағдарламалары бойынша білім алып, қажетті бағыттарға сай біліктілік арттыру курстарынан өтуге болады. Оқуға түсу үшін диплом ғана талап етіледі, яғни түсу емтихандары мен ҰБТ тапсырып керек емес. Бұл швейцариялық білім беруді әлемнің барлық еліне қол жетімді етеді. SIIL институтының тағы бір артықшылығы – оқыту оқушының ана тілінде өтеді. Бірақ Қазақстан үшін оқу тек орыс тілінде ғана мүмкін болып отыр. Қазақ тіліндегі оқыту дайындалып жатыр, жақын уақытта қол жетімді болады. Қашықтан оқытатын тағы бір шетел ЖОО-ы – американдық Boston University. Бұл оқу орнында бакалавриат,

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences магистратура, тіпті докторантура бағдарламаларын оқуға болады. Бұдан басқа университет дипломдық және кәсіби сертификатталған курстар бойынша оқуға мүмкіндік береді. Тағы бір университет – немістің Technical University of Kaiserslautern университеті. Бұл оқу орны жоғары деңгейлі оқыту мен зерттеу жұмыстарымен ғана емес, ағылшын және неміс тілдерінде онлайн-оқуға болатынымен белгілі. Бұл жерде жұмыс істейтін онлайн-кампус үш негізгі бағыт бойынша толық қашықтан оқу бағдарламаларын ұсынады: ғылым және технология, қоғамдық ғылымдар, менеджмент және құқық. ЖОО техникалық білім беруге мамандандырылғандықтан студенттер арасында инженерия, компьютерлік ғылымдар, бағдарламалық қамтамасыз ету, нанобиотехнология, техноэтика саласындағы онлайн-бағдарламалар ерекше танымал.

Білім беру мекемелерінен басқа қазақстандықтар біліктілік арттыру курстарына өту арқылы өз дағдылары мен құзыреттерін шыңдай алады. Мұндай курстармен айналысатын оқу орталықтары жетерлік. Бұл курстар арқылы нарықта сұранысқа ие бағыттар бойынша біліктілікті арттыруға болады.

Білім беру - өркениетті елдердің бәрінде дамудың негізгі басым бағыты. Елдер тек тауар мен қызмет көрсетумен ғана емес, сонымен қатар қоғамдық құндылықтар мен білім беру жүйесімен де бәсекеге түседі. Қазақстан Республикасының дамыған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуінің өзі осы білім беруге байланысты. Елде ғылыми технологиялық білімді меңгерген, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада еңбек ете алатын жоғары білікті мамандар болғанда, әлемдік нарықтық экономиканың қажетін өтей алатын білім берудің тиімді жүйесі болғанда ғана мүмкін. Әлемдік экономиканың жаһандануы шындыққа айналды. Бұл еуропа елдерінде айқын байқалады. Еуропалық Одақ экономикасында жоғары білікті мамандарды қажет етеін еңбек нарығының сұранысына ықпал ететін ғылыми салалар артып отыр. Ортақ еуропалық еңбек нарығының болуы білім беру саласында дұрыс өзгерістерді енгізу керегін көрсетіп отыр. Сондықтан білім берудің ұлттық жүйесі әлемдік білім кеңістігінен тыс өмір сүре алмайды.

Жоғары білім беру - қоғамдық қажеттіліктерді өтеу үшін қызмет ететін әлеуметтік институт. Сондықтан ішкі және сыртқы өзгерістерге жылдам жауап береді. Ауқымы бойынша тұрақты өсетін және мазмұны жағынан жан-жақты мемлекетаралық экономикалық байланыстар ұлттық ЖОО-дарында кәсіби дайындықтан өткен әмбебап мамандарды қажет етіп отыр. Ұлттық білім беру мазмұны әлемдік ғылым мен техника беретін «әлемдік стандарттарға» ұмтылады.

Жоғары білім интернационалдық сипатқа ие болып жатыр. Жоғары білім бірте-бірте сапалық жаңа кезең интеграция, білім беру жүйелерінің ұлттық тоғысу ерекшеліктері, өзара толықтыру белгілеріне ие бола бастады. Жоғары білімнің әлемдік әлеуметтік жүйеге айналуы түрлі деңгейдегі және сипаттағы өзара байланысты элементтердің көптігімен сипатталады. Білім беру қызметтері нарығында өзінің нақты орнын ала отырып, ЖОО-дары осы нарықтың негізгі бағдарын анықтай отырып, ынтымақтастық не бәсекелестік түрінде өзара қызмет етеді. Жоғары білім жүйесінің тұрақтылығына қажеттілік оның әлемнің өзгермелі талаптарына сай бейімделу мен тұрақты дамуын білдіреді. Кейінгі жылдары сарапшылар да заманның сұранысына сай білім мазмұнын, формасы мен міндеттерін реформалау қажеттілігін көп жазады. Жоғары білімнің әлемнің жүйесінің дамуының қуатты тетігі ретінде халықаралық әріптестік бірқатар өзекті мәселелерді шешуге ұмтылады. Оның ішінде қоғамның әлеуметтік саласы, саясат, экономиканың қажеттілігіне жоғары білімнің мазмұны мен деңгейінің сай келуін қадағалау; түрлі елдер мен аумақтарда мамандарды даярлау деңгейін теңестіру; жоғары білім саласында халықаралық ынтымақтастық пен әріптестікті бекіту; білім мен дағдыны түрлі елдер мен континенттерде біріге қолдану; дамушы елдерде халықаралық қорлардың қаржысын пайдалана отырып, жоғары оқу орындарын дамыту; жоғары білімді дамыту мақсатында білім беру мекемелерінің қызметтерін үйлестіру; жоғары білімнің икемділігін, ауқымын және сапасын арттыру, ғылыми мектептер мен білім беру жүйелерінің академиялық ынтымақтастық пен өзара көмек үйлесімінде бәсекелестігіне

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences жол беру. ЕуроОдақта бірнеше онжылдық бойы жоғары білім саласында тұтас саясат әзірленіп, іске асып келеді, ұлттықтан жоғары тұрған үйлестіру мен басқару институттары құрылған. Бұл процестер ЕО саясаткерлерін заңды түрде Болон декларациясын жасауға алып келді. Декларация оған кіретін қатысушы елдерге жақын жылдары алдына қойылған міндеттері туралы анық көрсетеді. Олардың негізгісі: маңызды бөлігі дипломға берілетін бірегей Қосымша болатын жоғары білім туралы жалпыға түсінікті құжаттар жүйесін қабылдау. Ортақ білім беру кеңістігі еуропа елдерінің білім беру жүйесіне әріптестерінен студенттердің, оқытушылардың, басқару персоналының мобилдігі, ЖОО-дарының арасында байланыс пен ынтымақтастықты нығайту арқасында ең жақсысын ала алады.

Кейінгі жиырма жылда Қазақстан жоғары білім саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытты. Елдің жоғары білім жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне қосу – республиканың ұзақ уақыттық стратегиялық басымдықтарының бірі. Үкіметаралық, шетелдік университеттермен тікелей келісімшарттар саны артты. Қазақстандағы жоғары білім дамуының негізгі бағыттары кәсіби кадрларды дайындаудың үш деңгейлі жүйесін қамтиды: бакалавриат – магистратура – докторантура (PhD). Академиялық несие жүйесіне негізделген, ЖОО аттестациясы, жоғары білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі, жоғары білімнің қол жетімділігі, сыбайлас жемқорлықтың төмендеуі.

Қазақстанда қазір жоғары білім беретін ЖОО-дары өте көп, бұл көп қиындық туғызады. 20 млн халқы бар Қазақстанда 129 ЖОО бар, оның 41-і мемлекеттік ЖОО. Жетекші елдерде Ұлыбританияда 60,4 млн халыққа 89 ЖОО, Финляндияда 5,2 млн халыққа 20 ЖОО, Чехияда 10,2 млн халыққа 66 ЖОО. Ал Шығыс Азия, Еуропа, Ресей мен Батыс елдерінде 150 мыңнан 700 мың ға дейінгі халық санына 1 ЖОО-нан келеді. 129 ЖОО-нда Қазақстанда 604 345 адам оқиды. Ал Канаданың 100 ЖОО-нда 1,5 млн студент білім алады. Ал Ұлыбританияда 89 ЖОО-нда 640 мың студент оқиды.

Қазақстандық жоғары білім берудің тағы бір өткір мәселесі – қол жетімді болмауы, дәлірек айтсақ оқу бағасының қымбаттылығы. Статистикалық деректерге сүйенсек, 20 млн халықтың тек 15 пайызы оқу процесіне тартылған. Ал шын мәнінде білім алғысы келетін адамдар саны бұдан жоғары. Мысалы ауылдарда қаржы мәселесіне байланысты оқи алмайтын талантты жастар жетерлік. Қазақстан Үкіметінің білімге кететін шығыны тек мемлекеттік ЖОО-дарын қамтиды. Дамушы елдерді алып қарасақ, білімге құятын шығыны жоғары қарқынмен артып жатыр.

Жоғары білім бұқаралық сипатқа ие бола бастады. Дамыған елдерде мектеп түлектерінің ЖОО-на түсуі орташа есеппен 68 пайызды құрайды. Ал Солтүстік Америкада 84 пайыз. Студенттердің саны да артып отыр. Егер 1960 жылы ЮНЕСКО мәдіметтері бойынша студенттер саны 13 млн болса, қазір олардың саны 7 есе артқан және олар әлем бойынша 14 мың ЖОО-нда білім алады. ЖОО ішінде жетекші орындарға Американың 33 университеті, Британияның 15, Австралия, Жаңа Зеландияның 7 университеті, Швейцария, Францияның 5 университеті, Гонконг, Жапония, Канада мен Германияның 3 университеті тұр. Әлемнің ең жоғары оқу орындары – Гарвард, Кембридж және Оксфорд [5].

Қорытынды

Шетелдік оқу орындарында шешімін тапқан проблемалар бар, оларды бізде де қолдана бастасақ жақсы болар еді. Олардың ішінде – қаржыландырудың аздығы. Қаржы мәселесін шешсек, жоғары білім беруді дамытудың бірнеше маңызды мәселесін шешкен болар едік. Бұл төменгі жалақы, мамандар шетелге де, басқа да коммерциялық құрылымдарға кетпес еді. «Кадр жетіспеушілігі», бұл профессорлық-оқытушылық құрамға ғана емес, сонымен қатар болашақ ғалым болғысы келетін студенттерге де қатысты. Қаржы жетіспеушілігі оқу орындарының материалдық-техникалық базасына да әсерін тигізеді. Жаһандану дәуірі ақпараттық технологияны қажет етеді, қашықтан оқытудың өзін ақпараттық технологиясыз елестету тіпті де мүмкін емес. Тағы бір өзекті мәселе жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі. Бұл мәселе адам

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки- Social and humanities sciences ресурстарының жетіспеушілігі не болмаса ол мамандарды даярлайтын оқу орындарының жоқтығынан емес. Бұл жерде мәселе оқу орындары жоғары білікті мамандарды даярлай алмауы. Жұмыс беруші қабілетті, білікті маманды жұмысқа ала отырып, ЖОО-ның дипломына баға беруі тиіс. Мұндай диплом біріншіден, оның иесінің кәсіби біліктілігі бар екеніне дәлел, екіншіден оның академиялық оқу бағдарламасын меңгергенін дәлелдеуі керек. Бұл диплом иелері жалақысы жоғары жұмысқа тұра алатынына сенімді болуы қажет, екінші жағынан бұл ЖОО-ны мәртебесін арттырады. Соның арқасында еңбек нарығында жоғары білімнің сапасын арттыруға деген ұмтылыс пайда болады.

Қазақстан Республикасы үшін білім мен ғылымның дамуы экономиканы бәсекеге қабілетін арттыру үшін керек, аумақтық және әлемдік деңгейді жақсы орын алу тәсілі, мемлекетті нығайтып, ұлттық мүддені дамытудың жолы. Жоғары кәсіби білімді дамытудың негізгі мақсаты – қоғамның, мемлекет пен тұлғаның ұзақ мерзімді стратегиялық мүддесін қанағаттандыру, мамандарды ЖОО жүйесін жүйелі мақсатты өзгерту жолымен дайындау. Жоғары кәсіби білім берудің маңызды бағыттарының бірі Қазақстанның білім беру жүйесінде жетекші университеттердің орындарын бекіту, Республика университеттерінің әлемдік білім кеңістігіне ену мүмкіндігін кеңейту, Қазақстан білімін әлемдік кеңістікпен ынтымақтасуын қолдау және дамыту, ортақ білім беру кеңістігінде студенттердің оқытушылардың, магистранттар мен докторлардың, ғылыми қызметкерлер мен мамандардың ауысуын кеңейту, білім беру сұрақтары бойынша мемлекет аралық ақпарат аясын кеңейту.

Әдебиеттер тізімі

1. Адыгбай Ч.О. Проблемы образования в условиях глобализации. <https://cyberleninka.ru/article/n/problemny-obrazovaniya-v-usloviyah-globalizatsii>
2. Сейсенова А.С., Бейсова А.О. Проблемы современного образования// Вестник науки и образования №10 (64). Часть 2. 2019 – с.85-87.
3. Зверева Т.С. Актуальные проблемы современного образования//Теория и практика современной науки - № 1 (67).-с.424-427.
4. До 25% дохода может потерять Казахстан если не увеличит финансирование человеческого капитала. <https://mk-kz.kz/economics/2019/10/07/>
5. Названы три проблемы казахстанского образования и одно решение. <https://www.inbusiness.kz/ru/news/>

References

1. Adygbaj CH.O. Problemy obrazovaniya v usloviyah globalizacii. <https://cyberleninka.ru/article/n/problemny-obrazovaniya-v-usloviyah-globalizatsii>
2. Sejsenova A.S., Bejsova A.O. Problemy sovremennogo obrazovaniya// Vestnik nauki i obrazovaniya №10 (64). CHast' 2. 2019 – s.85-87.
3. Zvereva T.S. Aktual'nye problemy sovremennogo obrazovaniya//Teoriya i praktika sovremennoj nauki - № 1 (67).-s.424-427.
4. Do 25% dohoda mozhet poteryat' Kazahstan esli ne uvelichit finansirovanie chelovecheskogo kapitala. <https://mk-kz.kz/economics/2019/10/07/>
5. Nazvany tri problemy kazahstanskogo obrazovaniya i odno reshenie. <https://www.inbusiness.kz/ru/news/>

ПРОБЛЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В ЭРУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аннотация. Образование играет огромную роль в нашей жизни и оправдывает себя. Оно определяет будущее целой нации и страны. Поэтому люди стремятся получить образование, особенно качественное. В данной статье рассматриваются проблемы современного образования, охватывающие вопросы от школы до высших учебных заведений. Автор пытается оценить качество образования. В XXI веке образование должно развиваться устойчиво. Эпоха глобализации также является эпохой информационных технологий. Знания постоянно обновляются, и то, что мы узнали сегодня, может устареть завтра. Поэтому главной задачей сферы образования является подготовка конкурентоспособных, квалифицированных и образованных специалистов. Страны с высоким уровнем образования будут иметь свои учебные заведения и выпускников, пользующихся высоким спросом на мировом уровне. Современная эпоха информационных технологий — это время стремительного развития роботов, автоматизации и искусственного интеллекта. Чтобы в будущем не затеряться в технологическом мире, важно не забывать о значимости науки и образования. Поэтому быть образованным, стремиться к качественному образованию и учиться в вузах, которые предоставляют качественное обучение, должно стать инвестицией молодежи в свое будущее. В статье более подробно исследуются актуальные проблемы современного образования.

Ключевые слова: образование, обучение, глобализация, информационное общество, информационные технологии, инновация.

THE PROBLEM OF EDUCATION IN THE ERA OF GLOBALIZATION

AMANIYAZOVA B.A.



Amaniyazova Bagdagul Aitbaykyzy - Master of Arts, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: bagdagul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>;

Abstract. Education plays a significant role in our lives and justifies itself. It is the future of an entire nation and country. Therefore, people aspire to receive education, especially quality education. This article discusses the issues in the current education system, addressing questions related to education from school to higher education institutions. The author attempts to evaluate the quality of education. Education in the 21st century must be sustainable. The era of globalization is also the era of information technology. Knowledge is constantly evolving, and what we learn today may become outdated tomorrow. Thus, the primary task of the education sector is to prepare competitive, qualified, and knowledgeable specialists. Countries with a high level of education will have their educational institutions and graduates in high demand on a global scale. The modern era of information technology is a time of rapid development of robots, automation, and artificial intelligence. To avoid being consumed by technology in the future, it is important not to forget the significance of science and education. Therefore, being educated, striving for quality education, and studying at universities that provide high-quality learning should be an investment that today's youth make in their future. The article delves deeper into the pressing issues facing the current education sector.

Key words: education, training, globalization, information society, information technologies, innovation.